



• **БӘРЕКЕЛДІ!**

1 мамырдан бастап тегін жүреді

18 жасқа дейінгі мектеп оқушылары мен колледж студенттері Қарағандының қоғамдық көліктерінде 2023 жылдың 1 мамырынан бастап тегін жүреді. Бұл туралы облыстың Көлік басқармасы басшысы Әлібек Дүйсембеков кеше өткен брифингте хабарлады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жақында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев 18 жасқа дейінгілердің қоғамдық көлікпен тегін жол жүруін қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Қазіргі уақытта балалардың тізімі жасалып жатыр, бұл шамамен 110 мың мектеп оқушысы мен колледж студентін құрайды.

Жеңілдік тек көлік картаны автобустағы терминалға басқан кезде ғана қолданылады. Бұл өте маңызды, өйткені болашақта «Оңай» жүйесінің таскері бойынша автопарктерге тасымалданған әрбір бала үшін өтемақы төленетін болады.

Жеңілдік барлық балалар үшін тұрғылықты жері мен мекенжайына қарамастан, көлік картасы болған және басылған жағдайда қолданылады. Сондықтан балалардың көлік картасын ресімдеу қажет.

«Балаларға арналған картаны «Оңай»-дың 4 қызмет көрсету пунктіне ресімдеуге болады. Олар Орел Karaganda, қала әкімдігінде (Н.Нарзарбаев даңғылы, 39), «Ұмай» сауда үйі, Майқұдық (К.Маркс көшесі, 9), «Молодежный» МУ, Пришахтинск ауданында (Металлистов көшесі, 24/2) және «Оңай» қызмет көрсету орталығында, Михайловка (Коммунальная көшесі, 3). Қазіргі уақытта оқу орындары арқылы картаны ресімдеу мәселесі пысықталуда. Картаны ресімдеу үшін өзіңізбен бірге 3*4 фотосурет, 16 жасқа дейінгі балаларға туу туралы куәлік, 16 жастан асқан балаларға арналған жеке куәлік болуы қажет», – делінген хабарламада.

• **ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...**

Алғашқы көлік тіркелді

Кеше Қазақстанға 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген шетелдік автокөліктерді заңдастыру басталды. Мұқанов көшесіндегі мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында ұзын-ыргасы 60-тай адам темір тұлпарын рәсімдеуге кірісіп кеткен. Ең бірінші болып мемлекеттік тіркеу нөмірін алған облыс тұрғыны – Мәрлен Наурызбаев.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– 2022 жылы Грузиядан «Лексу» автокөлігін әкелгем. Бүгін барлық құжаттарымды тапсырып, алғашқы жарнасын төлеп, көлігімді заңдастырдым. Қуаныштымын! Құқықтық көмек көрсетіп, құжаттарымды қабылдаған барлық қызметкерлерге алғысымды білдіремін, – деді Мәрлен.

– Бізге осы уақытқа дейін туындаған мәселелері бойынша үш адам жүгінді. Негізінен шетелге шықпай-ақ көлігін шетелдік тіркеуден алу үдерісін қарастыру үстіндеміз. Нақты деректер қосымша хабарланатын болады, – дейді Қарағанды облысы полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Елжас Жартыбаев.

Бұған дейін шетелдік тіркеудегі көліктерді заңдастыру барысын қадағалау мақсатында жер-жерде бастамашы топтар құрылған екен. Біздегі бастамашы топтың өкілі Балқан Тайшыбаевтың бұл тұрғыда өзіндік пікірі бар. Оның айтуынша, оу бастан ұйымдастыру жұмысында бірқатар ағаттықтар орын алған. Мәселен, осы уақытқа дейін ешқандай есеп пен болжам жүргізілмеген. Ал, оның есебін-

ше шетелдік тіркеудегі көлік саны 500 мыңға жуықтаған. Олардың бәрін қысқа уақыт аралығында өткізе қою неғайбұл нәрсе.

Ернар Мұсаевтың көлігі ресейлік тіркеуде. Айтуынша, тіркеуге құжаттарын тапсырған. Алайда, дерекордан рұқсат келмеген. Осыған байланысты ендігі амалдарды пысықтауға келген.

– Шыны керек, бұл үдерістен қолма-қол қазақстандық нөмір алып шығам деп сене қою қиындау. Дегенмен, осы бір мүмкіндікті пайдаланып, соңында бір нәтижеге қол жеткізіп қалармыз, – деді автокөлік иесі.

Өз кезегінде халыққа қызмет көрсету орталығының өкілдері шетелдік автокөліктерді заңдастыру кезеңдерін тез әрі дұрыс өтудің бірнеше жолдарын алға тартуда.

Ең алдымен, сіз eGov.kz порталы арқылы деректерді тексеруге өтініш беруіңіз керек. Дербес компьютерге қол жеткізе алмайтын автокөлік иелері, еліміздің кез келген ХҚКО-ларында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы өтініш бере алады. Автокөліктің тіркеу деректері қатесіз толтырылуы маңызды. Өтінімді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қарастырады. Сіздің өтінішіңіз қабылданған болса, автокөлікті тексеру үшін МХҚО-ға онлайн кезекке тұру қажет.

Ол үшін «мәртебе» парағында «кезекке тұру» батырмасын басып, мекенжайлар тізімінде көрсетілген МХҚО-ның бірін тандап, соңында күні мен уақытын белгілеу керек. Алдын ала онлайн кезекке тұрмаған жағдайда, азаматтарға қызмет көрсетілмейді. Заңдастыруға рұқсат алған автокөлікті МХҚО-ның тексеру пунктіне белгіленген уақыттан 20 минут бұрын әкелу керек. Талонды тексеру пунктіне немесе «ХҚКО» мобилді қосымшасы арқылы алуға болады. Тексеру толық өткізілген соң, сіз автокөлікті тіркеу үшін МХҚО ғимаратына өтуіңіз қажет. Одан әрі, сіз қызметкерге автокөлікке меншік құқығын растайтын құжаттың түпнұсқасын және шетелдік көліктің мемлекеттік тіркеу куәлігін тапсырасыз. Осыдан кейін алғашқы тіркеу үшін 200 000 теңге, техпаспорт үшін мемлекеттік баж – 4 313 теңге, мемлекеттік нөмір үшін – 9 660 теңге мөлшерінде алым төлейсіз. Төлемді QR арқылы орталықта төлеуге болады. Төлем жүргізілгеннен кейін сол күні сізге техникалық паспорт және Қазақстан Республикасының мемлекеттік нөмірлік белгілері беріледі. Еске салып өтейік, шетелдік автокөліктерді заңдастыру жұмыстары бір реттік акция ретінде ұйымдастырылып жатыр. Көлікті тіркеу 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде.

• **ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ**

Коммуналдық сайт іске қосылды

Енді қарағандылықтар коммуналдық қызметті онлайн режимде ала алады. Коммуналдық қызметтерді ұсыну шартын жасасу, қызметтерге ақы төлеу мөлшерін азайту, тұрғындар санын қысқарту және басқа да қосымшаларды «IQala» сайтынан табуға болады. Өтінімдерді үйден шықпай беру тұтынушылардың уақытын едәуір үнемдейді.

Жоба енді ғана жұмысын бастады. Жұмыс барысында көрсетілетін қызметтердің тізбесі кеңейтіліп, функционалдығы жетілдірілетін болады.

Қалалық қызметтер сайтында өтініш беру үшін qrg.iqala.kz-ке ЭЦҚ арқылы кіру керек.

Қазір порталда үш ірі монополистің қалалық 26 қызметі цифрландырылды. Олар: «Қарағанды Жарық» ЖШС, «Теплотранзит-Қарағанды» ЖШС, «Қарағандыэнерго Саласы». Болашақта коммуналдық қызметтер тізімі кеңейтіледі.

Жаңа ақпараттық жүйені Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев таныстырды.

Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Рустам Байжановтың айтуынша, IQala-ның басты міндеті – қызмет көрсету процесін автоматтандыру, қағазбастылықты азайту, қызмет берушілермен байланыс пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау.



«Бірыңғай портал құру тұтынушылардың монополистермен қарым-қатынасын жеңілдетеді. Тұрғындар уақыт пен күш-жігерді үнемдей алады. Барлық өтініштер ең қысқа мерзімде пысықталуы тиіс. Егер жүйенің кемшілігі анықталса, оларды дереу түзету керек. Мүмкіндігінше көп қызмет цифрландырылуы тиіс», – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз тілшімізден

• **БІЛІМ**

Докторанттарға талап жеңілдеді

Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқитын докторанттар диссертациялық жұмысы бойынша шетелдік баслымдарға мақала жариялауы қажет болатын. Ғылым және жоғары білім министрлігі мұндай талапты жеңілдетті. Енді гуманитарлық бағыт бойынша диссертация қорғайтын докторанттар Scopus (Скопус) деректер базасындағы журналдарға мақала жариялауы міндетті емес.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 7 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығындағы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген) «Дәрежелерді беру қағидаларына» өзгерістер енгізілді. Бұйрық бойынша қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясына қатысты білім беру бағдарламалары бойынша оқитын докторанттарға Scopus (Скопус) деректер базасындағы журналдарға мақала жариялау міндетті емес.



Саран автобустарына сұраныс жоғары

Облыстың ғана емес, бүтін елдің сапалы әрі қолжетімді көлікке деген қажетін өтеп тұрған Саран индустриялық аймағындағы QazTehna зауыты бір ауысымда 4 автобусты дайындап үлгеретінін бұған дейін де жазған болатынбыз. Өзге өңірлерді айтпағанда, шалғай мектептерге қатынап білім алатын оқушылар QazTehna-ның «сары автобустарына» көзі қанық. Ол өз алдына, зауыт іске қосылып, қалаішілік жолаушылар автобустарын шығара бастағалы да, қарағандылықтар да қоғамдық көлікке жарып, диттеген жеріне қысылмай-қымтырылмай жетіп жүр. Ал, билік биылдан облыс орталығына жақын орналасқан қалаларға жүретін автобустарды жанарту жұмысын жалғастырмақшы.

Салтанат ІЛІНІШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Зауыттың алдағы мақсаты да ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды. Себебі, көлік – қолжетімді. Сұраныс заңы бойынша тауар бағасы неғұрлым төмен болса, сұраныс та артады десек, QazTehna автобустарының бағамен қатар, сапаға да ерекше мән беретінін айту керек. Әлем бойынша жолаушылар автобустарын жеткізуде алдына кара салмаған қытайлық Yutong компаниясымен серіктес болуы да көп нәрсені аңғартады. Елдің автобус паркін 7000-ға ұлғайтуды көздеген зауыт автобустар бөлшегінің 33 пайызын жергілікті материалдардан құрастырады. Алдағы бес жылда бұл көрсеткішті 50 пайызға жеткізу жоспарлап отыр.

Қазір кәсіпорында 500-ден аса адам жұмыс жасаса, өндіріс кеңейген сайын, штат та ұлғая түсетінін айтады басшылығы.

Мәселен, биыл тағы 300 адам жұмысқа қабылдана, бұл көрсеткіш 2025 жылы мыңға жетпек. Бұл әлі QazTehna-ның өндірістік қуаттылығының толық іске қосылмағандығы көрсеткіші. Ал, қызметкерлер саны мыңға жеткенде жылына 1200 автобус пен 500 арнайы техника шығарылады. Сәйкесінше, бюджеттің қоржыны да бос қалмайтыны анық.

Кәсіпорын негізінен Оқу-ағарту министрлігімен шартқа отырған. Яғни, балаларды тасымалдау үшін мемлекеттік стандартқа сай автобустарды шығарады. Демек, еліміздегі тоғыз облыстағы білім беру ұйымдары QazTehna автобустарын асыға күтіп отыр. Алды алып та үлгерді. Мысалы, өткен жылы Қарағанды облысындағы білім беру ұйымдарына 27 автобус берілді деп жоспарланған болатын. Бүгінде оның 19-ы беріліп, балалар игілігіне қызмет етуде. Облыстық білім беру басқармасының берген мәліметі осындай. «Биылғы жылдың мамы-



рына дейін қалған 8 автобусты күтіп отырмай» дейді олар.

Жолаушыларды қалаішілік тасымалдаумен айналысатын «Таксокомбинат» ЖШС өткен жылы 8 автобус алса, биыл тағы 32 көлік сатып алуды жоспарлап отыр. Бұл туралы қала әкімі Мейрам Қожухов Instagram-дағы ресми парақшасында да хабарлаған болатын.

QazTehna автобустардан бөлек, арнайы техника да шығаратынын айтты. Кәсіпорынның бас директорының әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Ермек Омаров өздері шығарған арнайы техниканы сынақтан өткізіп үлгергендерін де айтып

отыр. Болашақта еліміз, оның ішінде Қарағанды облысы түрлі өндіріске, ауыл шаруашылығы саласына қажетті көлікті ат аралып алыстан тасымал, қалтасын қақтастан қолжетімді бағаға үйдің іргесінен алып отырса, оның өзі үлкен жетістік болмақ.

– HOWO брендімен жасалған 25 тонналық карьер жүк көліктері Қытайда сыналды. Атап айтқанда, 40 күннен астам карьерде пайдаланылды. Бұл модельде қалпына келтіру функциясы бар: жүктелген машина карьерден түскенде, ол өзін қайта зарядтайды. Одан бөлек, техникалық қызмет көрсету шығындары минималды, сонымен қатар экологиялық таза, – дейді Ермек Омаров.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарғын қапы қалдырмас үшін

Аймақта қарғынға қамданыс басталғалы бір аз болды. Тілсіз жаудың бірі – қызыл судың қауіпі кейінгі жылдары еліміз бойынша күшейіп тұрғаны шындық. Бүгінде облыста тасқынның алдын алу үшін төтенше жағдайға қарастырылған резерв – 4,3 млрд. теңге. Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпаповтың мәлімдеуінше, 3371 тонна жанар-жағармай, 78 мың тонна инертті зат, 68 мың дана қап дайын. Негізгі су қоймаларындағы қардың үлесі мен одан су жіберу назарда. Дегенмен, аймақтың бар өңірінде бақылау күшеюі тиіс. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа аппарат мәжілісінде төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпапов баяндады.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

секуңдына сегіз текше метр, Самарқанттан секуңдына үш текше метр су өзегне жіберілген.

– Басқару ұйымдары үшін тасқынға қатысты жұмыс алгоритмі жасалды. Елді мекендерді аралау басталады. Елді мекендер үшін төтенше жағдай туындағанда басшылыққа алатын нұсқаулықтар әзірленді. Ең бастысы, оған дейін барлық елді мекендер арықтардың, нөсер көріз желілерінің жағдайын тексеруі тиіс. Оны тазалап, түсіндіру жұмыстарын қолға алу керек. Сонымен қатар, елді мекендер, нысандар маңынан траншеялар тартылып, онда орналасқан гидротехникалық құрылымдарға кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі қажет, – дейді Мұрат Қатпапов.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Қарқаралы, Нұра аудандары әкімдеріне қарғынға дайындықты бақылауда ұстауды тапсырды. Өйткені, бұлар әзірлігі әлсіздеу аудандар тізімінде.

Ал Қарқаралы ауданы әкімі Ерлан Құсайын қарғынның алдын алу үшін



жұмыстың тиянақты, үздіксіз жүргізіліп жатқанын айтады.

– Аудан аумағында елді мекендердің жолын тазалау мақсатында 26 мердігермен келісімшарт жасалған. 54 арнайы техника жұмылдырылған. Бүгінде 7 жарым мың текше метр қар шығарылды, – дейді аудан әкімі.

Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов аудан аумағынан 2000 текше метр қар шығарылғанын мәлімдеді.

– Ауданда қар шығару жұмысы қолға алынған, тоқтаусыз жүріп жатыр. Демалыс

күндері де бұл бағытта дамыл жоқ. Техникалар әлі де жұмылдырылады, – деді Бақытжан Мұқанов.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмысты одан әрі жалғастырып, ұдайы назарда ұстау қажеттігін ескертті.

– Су тасқыны, ең алдымен, Қарқаралы, Шет аудандарында басталады. Сондықтан сіздерден жоғары жауаптылықты талап етемін, – деді аймақ басшысы. Тиісті құзырлы орындарға міндеттер жүктеліп, нақты тапсырмалар берілді.

COVID-19 139 адам – ауруханада

Денсаулық сақтау министрлігінің кешегі күнгі дерегі бойынша ел көлемінде 1 837 адам Қорнавирустан ем алып жатыр. Оның 139-ы ауруханада. 1 698-і амбулаторлық деңгейде ем қабылдауда. Ауырғандардың сегізі ауыр халда, бесеуі аса ауыр жағдайда. Үш науқас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған.

Министрлік мәлімдегендей, осы уақытқа дейін барлығы 1 405 452 жағдай тіркелген. 22 қаңтарда 35 адамнан вирус анықталды. Бұл тәулікте коронавирусты пневмонияның жаңа жағдайлары мен одан болатын өлім-жітім тіркелген жоқ. Жалпы ел бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Аймақтардың барлығы «жасыл».

Дегенмен, көршілес Қытайда індет әлі өршіп тұр. Қытай билігі таратқан мәлімет бойынша желтоқсанның ортасы мен қаңтардың ортасы аралығында қорнавирустан 60 мыңға жуық адам қайтыс болған. Қайтыс болғандардың басым бөлігі 65 жастан асқандар. Дегенмен, олар індеттің шарықтау шегінен өткенін мәлімдеді. Мәселен, желтоқсанда тәулігіне 3 млн. адам медициналық көмекке жүгінсе, қазір шамамен 500 мың адамға түсіпті. Бүгінде 1 млн. 200 мың адам емделіп жатыр екен. Қытай республикасы жыл басынан бері COVID-19-ға қатысты барлық шектеулерді алып тастағанын айта кетейік. Десе де, Еуропа мен Азияның 32 елі Қытайдан келетін туристер үшін бірқатар шектеулер енгізді. Бірақ, Қазақстанмен арада шектеу жоқ.

Өз тілшімізден

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Өмір мәйегі – мәдениетте

Қазіргі уақытта облыстың әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымына 571 мемлекеттік мәдениет және архив ұйымы кіреді. Сала қызметі тұрақты шығармашылық ізденіске, инновациялық жобаларды, жаңа технологияларды енгізу бойынша жүйелі жұмысқа, стандартты емес нысандар мен әдістерді іздестіруге бағытталған. Бұл он өзгерістерге, міндеттерді шешуге, жоспарларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



70 жылдығын, Теміртау мәдениет сарайының 50 жылдығын мерекелеу аясында іс-шаралар өтті. Облыс тұрғындары үшін – бұл Қарағанды қаласының көрнекті орындары, отбасымен демалуға болатын мәдениет ошақтары.

Жастар арасында жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін ілгерілету мақсатында облыстың рок-топтарының, рэп-орындаушылар мен заманауи шеберлерінің қатысуымен жыл сайынғы «Жастар әлемі ІХ» облыстық жастар фестивалі, Теміртау және Қарағанды қалаларында облыстың аудандары мен қалаларынан 13 командалық қатысуымен «КВН» және «Стендап» номинациясы бойынша 10 жеке орындаушы М.Тоқырза атындағы сатира мен әзіл-сықақ фестивалінде өнер көрсетті. 2022 жылы Теміртау және Шахтинск қалаларының әкімдері көркемөнерпаздар би ұжымдарының (анс. «Глория», «Вдохновение»), эстрада орындаушылары, Грузиядағы халықаралық конкурстағы КВН командалары, Кардица қаласында өткен 54-ші Халықаралық мәдениет фестивалі (Греция), Новосибирск қаласында (Ресей), Алматы және Астана қалаларында өнер көрсетті.

Репертуары жаңарту үшін жыл сайын облыстық бюджеттен жаңа театр қойылымдарына қаражат бөлінеді. Биыл төрт облыстық театр сахнасында 26 спектакль қойылды, оның ішінде 12 балалар ертегісі. Жаңа театр қойылымдарының ішінде Шерхан Мұртазааның 90 жылдығына орай қойылған «Текебұрқак» пластикалық-морфоза жанрындағы қойылым, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған «Қаракөз» спектаклінің атап өтуге болады.

Қаланың имидждік іс-шараларының бірі – «Жұлдыздар аллеясында» жұлдыздың ашылу салтанаты. Атаулы белгі Қарағанды облысы Шет ауданының тумасы, КСРО Халық әртісі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор Сыдық Мұхамеджановқа лайық деп танылды. Жұлдыздың ашылу салтанатына композитордың қызы Лейла Мұхамеджанова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, композитор Серік Еркінбеков, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі Кенжеғали Мыржықпаев, Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы Серік Әбдінұров қатысты.

ХІ халықаралық оперетта және «DosStar» мюзикл фестивалі, «Құкляндия» Халықаралық куыршақ театрлары фестивалі және «Музыкалық Сарыарқа» халықаралық фестивалі сияқты халықаралық жобалардың өткізілуін атап өтуге болмайды. Бұл фестивальдерге Италия, Бельгия, Ресей, Беларусь

музыканттары, Бішкек қаласы мэриясының қырғыз халық аспаптар оркестрі, ҚР Халық әртісі Жания Әубәкірова, Вероника Покровская (Ресей), Дэвид Герингас (Литва), Салтанат Наулетханова (Астана қ.), Сардор Примов (Өзбекстан) қатысты.

«Ауылым – алтын бесігім» ақпараттық-мәдени керуені аясында кәсіби ұжымдармен Ақтоғай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров, Шет аудандарының шалғай ауылдарында 39 концерт өткізілді. 17 мыңнан астам көрерменге қызмет көрсетілді.

Есепті кезеңде 79 қайырымдылық концерттері мен спектакльдер көрсетілді. Қамту 18 мыңнан астам адамды құрады.

Кітапханалар дәстүрлі және инновациялық қызмет түрлерін пайдалана отырып, халық арасында кітап пен оқуды ілгерілетуге ықпал ететін түрлі форматтағы іс-шаралар өткізеді. «Объективте – Қарағанды» жастар библиофотокроссы, жазушы, этнограф А.Сейдімбектің 80 жылдығына арналған «Арқа даласы – Ақселеу әлемі» облыстық буктрейлерлер байқауы, балалар жазушысы М.Қаназовтың 80 жылдығына арналған «Сықырлы бояулар» Халықаралық балалар кітап иллюстрациялары байқауы, бейімделген театрландырылған шағын-қойылымдар «Театр, барлығына!», Төрт жылдан бері Абай атындағы облыстық балалар кітапханасымен «Сарыарқа» телеарнасында табысты жүзеге асырып келе жатқан «Жетістік формуласы» телевизиялық жобасын ерекше атап өткізіледі. Бағдарлама аясында Қарағанды қаласының мектептері мен колледждерінің оқушылары мен әртүрлі кәсіптердегі табысты адамдармен кездесулер өтті, олар жасөспірімдерге өмірдегі дұрыс бағдарларды қалай таңдауға кеңес береді, табыс тек материалдық әл-ауқат қана емес, сонымен қатар рухани және адамгершілік құндылықтардың, белсенді азаматтық ұстанымның, рух күшінің болуы екенін түсінуге көмектеседі.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау мақсатында Зағиптар мен нашар көретіндердің мәдениет үйі ақын, жазушы, драматург Мұхтар Шахановтың 80 жылдығына арналған «Отрочення» атты облыстық драмалық шығармашылық фестивалін өткізді. Бұл фестиваль зағип және нашар көретін адамдарға монологу орындау арқылы өзін актер ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, көру қабілеті бұзылған балаларды оңалту мақсатында QR кодтарын қолдану арқылы ертегілер аудиокітаптарының жинағы шығарылды, оны облысымыздың танымал әртістері дыбысталады.

«Сарыжайлау» мемлекеттік кинотеатрының негізгі қызметі қазақстандық киноиндустрияның шығармашылық жобаларын және мемлекеттік тілдегі фильмдерді белсенді насихаттау болып табылады.

2022 жылы 2553 сеанс өтті, оған 139 349 көрермен қатысты, оның ішінде келушілер саны 54209 адам болатын қазақстандық фильмдердің 862 сеансы. Балалар үшін 1062 сеанс көрсетілді, 54391 бала қатысты. Қарағанды облысында 15 мемлекеттік архив жұмыс істейді, онда 2023 жылғы 1 қаңтарға 5779 қор сақталады, бұл 2 млн. 347 мыңнан астам сақтау бірлігін құрайды. 2022 жылы облыстың мемлекеттік архивіне 15 мыңнан астам іс қабылданды 2022 жыл ішінде 150 мыңға жуық архивтік құжат пайдаланылды. Ағымдағы кезеңде Е-архив жүйесіне 4 159 қор, 8 522 тізімдеме, 757 ұйым – ҚР

Қарағанды облысының аумағында тарихи және мәдени мұраны сақтау және іске асыру мақсатында 2022 жылы Алтын Орда дәуіріне жататын Ұлытау ауданындағы Талмас ата кенесіне ғылыми-археологиялық зерттеулер жүргізу нәтижесінде табылған материалдар бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізілді. Жұмыс барысында төрт қорымда адам сүйектерінің қалдықтары, киім-кешек (бас киім, сыртқы киім, етік), қару-жарақ, тұрмыстық заттар табылды. Vilnius Radiocarbon физикалық және технологиялық зерттеулер орталығында сүйек қалдықтары бойынша (Вильнюс қ., Литва) С14 радиоқомиреттік талдаулар жүргізілді және ескерткіштің хронологиялық уақыты (XIII-XIV ғ.) белгіленді. Бұл табылған заттардың Алтын Орда дәуіріне жататындығын көрсетеді.

2021 жылы КР СИМ-не Еуропадағы қазақтар қауымдастығынан Қарағанды қаласында Ашаршылық құрбандарына ескерткіш орнату туралы өтініші келіп түсті. Қарағанды қаласы әкімдігінің және мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, Германиядан келген мүсінші Жармұхамет Тілеген үш ай бойы ескерткіш жасап, 2022 жылдың 31 мамырында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні КР Туалсіздігіннің 10 жылдығы саябағында облыстың ресми өкілдері, Еуропадан келген қазақтар қауымдастығы өкілдерінің, қоғам қайраткерлерінің, тарихшылар мен өлкетанушылардың қатысуымен ескерткіш салтанатты түрде ашылды.

2022 жылы Республика күні қарсаңында облыс әкімі 40 мәдениет және өнер қызметкеріне Досай кентіндегі пәтерлердің кілтін табыс етті. Пәтерлерді жас мамандар, көп жылдар бойы осы салада жұмыс істеген музыканттар мен актерлер алды. 2021 жылы мәдениет қызметкерлеріне Саран қаласы мен Ақтас кентіндегі 30 пәтердің кілтін табыс етілді.

Өткен жылы мәдениет және өнер ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Е.Рахматиев атындағы Академиялық симфониялық оркестрге, К.Станиславский атындағы облыстық театрға, С.Сейфуллин атындағы театрға және балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театрына үрмелі музыкалық аспаптар сатып алынды.

2022 жылы «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының «Мәдениет объектілерімен және қызметтерімен қамтамасыз етілуінің өсуі, оның ішінде шалғай аудандарда» көрсеткіші шеңберінде (1 реконструкция, 59 жөндеу) 1 млрд. 29 млн. теңге сомасына 60 мәдениет объектісінде 124 жұмыс орынын құру көрсеткішімен құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Абай ауданы Құрма ауылының ауылдық клубы қайта жаңартылды, Осакаров ауданы Молодежный кентінің ҚДО ғимараты күрделі жөндеуден өтті.

Республикада жарияланған Балалар жылы аясында Мәдениет және өнер ұйымдары 180 мыңнан астам баланы қамтитын 1 157 іс-ша-

ра өткізді. Олардың ішінде Қарағанды және Теміртау қалалары әкімдіктерінің «Барлығына арналған өнер» жобасын атап өткізіледі. Осы жобаның арқасында оқушылар жыл бойы театрларға, концерт залдарына, музейлерге тегін барды. Барлығы 40 мыңнан астам оқушы мен студент қамтылды. Балалардың бірегей қабілеттерін анықтау және ашу мақсатында «Сарыарқа» телеарнасында «Керемет» балалар телевизиялық таланттар жобасы іске асырылды. Жобаға үш жастан 12 жасқа дейінгі 17 бала қатысты. Жыл бойы облыстық «Сарыарқа» телеарнасында екі бағдарлама шығып, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламаларының тізімін толықтырды.

Халық шығармашылығын сақтау және дамыту мақсатында жыл бойы фестивальдер, байқаулар өткізілді. Мәди Бәнуұлы атындағы V дәстүрлі орындаушылар байқауы, облыстың қалалары мен аудандары арасындағы «Сарыарқа әуендері» халық шығармашылығы байқауы, қарттар арасында «Өнерім – өмірім» облыстық шығармашылық байқауы, «Бұқаркең жырлайды» облыстық мәнерлеп оқу байқауы және т. б.

Дәстүрлі фестивальдер мен байқаулармен қатар мәдениет және өнер қайраткерлерінің мерейтойлық күндері аясында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды. Өнші, Қазақстан мен КСРО Халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдығы аясында «Ақмаңдайымы» облыстық вокалдық байқауы, Ахмет Байтұрсынұвының 150 жылдығына арналған жас айтыскерлер арасында «Армысың, эз Наурыз» облыстық ақындар айтысы өткізілді, Қазақ КСР Халық әртісі Шолпан Жандарбекованың 100 жылдығын мерекелеу аясында облыстық халық көркемөнерпаздар театр ұжымдарының байқауы өтті. Байқауға Ақтоғай, Жаңаарқа, Қарқаралы, Шет, Ұлытау аудандарының 10 халық көркемөнерпаз ұжымы қатысты. Жеміспаздарды марапаттау Қарқаралы қаласының Мәдениет үйінде өтті, 2022 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Шолпан Жандарбекова есімі берілді.

2021 жылдың мамыр айынан бастап республикада төрт жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді мемлекеттік шығармашылық тапсырыс жолымен үйірмелермен қамту жобасы іске асырылуда. Бүгінгі таңда мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде 24 бағыт бойынша 4 827 баланы қамтитын 144 үйірме жұмыс істейді: хореография, вокал, поэзия, кескіндеме, сурет, актерлік өнер, музыкалық аспапта ойнау, қолданбалы шығармашылықпен айналысу және т.б. мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде қызмет көрсету бойынша 57 жеткізуші тіркелген. Шығармашылық тапсырыс бойынша үйірмелер Қарағанды (109), Теміртау (31), Шахтинск (3), Саран (1) қалаларында жұмыс істейді.

2022 жылы С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының 90 жылдығын, облыстық тарихи-өлкетану музейінің 90 жылдығын, Кеншілер мәдениет сарайының

ҰАФ жинақтау көздері, 256 626 іс енгізілді. 2022 жылы облыстың мемлекеттік архивтерінде 12 109 бірлік 963 891 парақ шифрландырылды.

Жыл сайын мәдениет және өнер ұйымдары биыл Түркістан қаласында өткен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Рухани қазына – 2022» республикалық фестиваліне қатысады. 18 номинация бойынша 21-ден астам жұмыс берілді. «Үздік экспозиционер 2022» номинациясының жеңімпаздары Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің суретшісі, «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған кітапхана» номинациясы бойынша Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапханасы лауреат атанды. Ұлытау ауданының Жезқазған музейі мен мәдениет үйінің қызметкерлері екі номинацияға ие болды.

2022 жылы облыс театрлары сыйлықтар мен фестивальдердің марапаттарымен марапатталды, осылайша, Қазақстан Театр қайраткерлері одағының «Еңлікүлті» республикалық театр сыйлығында Академиялық музыкалық комедия театры «Үздік театр» номинациясы бойынша марапатталды; К.Станиславский атындағы орыс драма театры «Үздік ұжым» номинациясы бойынша Қазақстанның үздік бес театрының қатарына енді; С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ театрының режиссері А.Салбанов КСРО Халық әртісі Шолпан Жандарбекованың 100 жылдығына арналған Қазақстанның XXVIII Республикалық драма театрларының фестивалінде «Текебұрқак» спектаклін қойғаны үшін «Үздік режиссер» номинациясы бойынша марапатқа ие болды; Теміртау балалар мен жасөспірімдер театры «Коялда-plays» (Ресей) фестивалінде «Екінші пландағы үздік ойел ролі» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

Жалпы, 2022 жыл пандемиядан кейінгі кезеңде мәдениет саласы үшін жемісті болғанын атап өткен жөн. Жыл сайын жаңа биіктер бағындырылып, алдымызда жаңа перспективалар ашылуда.

2023 жыл Бұқар жыраудың 355 жылдығына арналған «Бұқаркең жырлайды» республикалық оқулары; Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығын мерекелеу аясында тарихи қайта құру фестивалі; Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының әктері Кенес Жұмабековтің бенефисі сияқты мерейтойлық күндерге арналған іс-шараларға толы; Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің 85 жылдығын, академиялық музыкалық комедия театрының 50 жылдығы және Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының 70 жылдығын мерекелеу аясындағы іс-шаралар.

Сондай-ақ, биыл облыс халқына қызмет көрсету үшін К.Станиславский атындағы драма театрына, С.Сейфуллин атындағы драма театрына және балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театрына үш жайлы автобус сатып алуға қаражат бөлінді.

Мәдениет және өнер қызметкерлері өздерінің шығармашылық әлеуетін, барлық тәжірибелері мен дағдыларын алға қойып, міндеттер мен мақсаттарға жету үшін пайдаланады деп сенеміз. Белгілі бір нәтижелерге қол жеткізе отырып, біз осымен тоқтап қалмауға, облыстың және жалпы елдің бай рухани әлеуетін көбейтуге ниеттіміз.

Еркебұлан ЖҰМАКЕНОВ,
облыстың мәдениет,
архивтер және
құжаттама
басқармасының басшысы

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Бағыт айқын, жұмыс жүйелі

Қазақстанда қазына шығынының басым бөлігі азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатына, яғни әлеуметтік дамуға бағытталған. Оның қатарында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және мәдениет бар. 2022 жылы халықтың барлық әлеуметтік қорғалмаған топтарына кешенді қолдау көрсетілді.

Жұмыспен қамту

Облыста халықты жұмыспен қамту мәселелері 2022 жылға арналған Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспары аясында шешіледі.

Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 701 адам жіберілді. Олардың барлығы оқудан өтті.

2022 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бизнес-идеяларды іске асыру мақсатында грант мөлшері ұлғайтылды. Ол 400 АЕК немесе 1,2 млн. теңгеге дейін өсті. Өзі ісін дамытуға грант халықтың әлеуметтік осал санатына берілді. Оған АӘК алатын аз қамтылған отбасылардың мүшелері, көпбалалы, қандастар, қоныс аударушылар, мүгедек бала (балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар, мүгедектігі бар адамдар және жастар кіреді.

Айта кету керек, өңірдегі жастарды қолдау үшін «Жастар тәжірибесі» жобасы жүзеге асырылды. Қатысу мерзімі – 12 ай. Бұл ретте төлем мөлшері кемінде 30 АЕК құрайды. Өткен жылы тәжірибеден 1 041 адам өтті.

Сондай-ақ, ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарына 540 адам, қоғамдық жұмыстарға 6124 адам жіберілді.

«Бірінші жұмыс орны» жобасы жастар арасында сұранысқа ие. Оған қатысу ұзақтығы 18 айдан аспайды, ал жалақысы – 30 АЕК-ке дейін. Бұл бағытта 313 адам жұмылдырылды.

Зейнеткерлік жасқа толған жұмыскерді кейіннен ауыстыра отырып, жұмысқа орналастыру үшін «Үрпақтар келісімшарты» жобасы іске асырылды. Оған қатысу мерзімі 6 айдан аспайды. Ай сайынғы табыс 30 АЕК мөлшерінде. Жобаға 106 адам қатысты. Сонымен қатар, «Күміс жас» жана жобасы іске асырылды. Ол зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған. Айта кету керек, осы жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді тұрақты жұмыс орнына орналастыруға міндеттенеді. Кепілдендірілген

табыс адам зейнетке шыққанға дейін болуы керек. Мұнда субсидиялау мерзімі 12 айға дейін. Ай сайынғы субсидиялар мөлшері белгіленген жалақының 50%-ы, бірақ, 30 АЕК-тен аспайды. Былтыр оған барлығы 292 адам қатысты.

Бастау Бизнес жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 3432 адам оқытылды.

Жұмыссыз азаматтардың еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылары бойынша онлайн оқытуға www.skills.enbek.kz 700 адам жіберілді. Бұл жоспардың 122%. Қабылданған шаралар жұмыссыздық деңгейін 2022 жылдың 3 тоқсанында 4,3% деңгейінде сақтауға мүмкіндік берді. Бұл республикалық көрсеткіштен 0,6%-ға төмен.

Мүгедектігі бар адамдарды қолдау

Әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – ерекше қажеттілігі бар адамдардың мәселесін шешу, олардың қоғамдағы жағдайын жақсарту. Облыста 55 мыңнан астам (55242) мүгедек адам тұрады. Бұл облыс халқының жалпы санының 4,8%-ы.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңға сәйкес мүгедектігі бар адамдар оналтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ЖОБ) негізінде оналту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етіледі. Бағдарлама негізінде протездік-ортопедиялық құралдар, сурдо-тифлотехникалық құралдар, санаторлық-курорттық емдеу, гигиеналық құралдар, жеке көмекшінің және ым-ишара тілі маманының қызметтері ұсынылады.

2022 жылы мүгедектерді әлеуметтік қолдауға облыс бюджетінен 1 млрд теңге бөлінді.

Қазіргі уақытта оналту құралдары мен қызметтерін мүгедектігі бар адам өз бетінше әлеуметтік қызметтер порталы арқылы таңдайды. Мемлекет кепілдік берген соманы өтеуді көздейді. Сондай-ақ, қызметтерді оналту құралдарын кепілдік берілеп сомадан артық сатып алу мүмкіндігі бар, қосымша төлемді алушы жүзеге асырады, бұл ретте кепілдік берілген соманы мемлекет төлейді.

Бүгінгі таңда мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер пор-



талы арқылы 3 605 протездік-ортопедиялық құрал, 1 576 тифлотехникалық құрал, 871 сурдотехникалық құралын, 986 кресло-арба тапсырысын жүзеге асырды. Сондай-ақ, гигиеналық оналту құралдарының 11 000 жуық тапсырысын жүзеге асырды. Сонымен қатар, жыл басынан бері 2 590 адам жеке көмекшінің қызметін алды, 546 мүгедек адам ым-ишара тілі маманының қызметіне тапсырыс берді, 6130 адам санаторий-курорттық ем алды.

Инватакси қызметі облыстың 13 өңірінің 11-де (Қарағанды, Саран, Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Приозерск қалалары мен Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра және Осакаров аудандары) бар. 58 автокөлікте тегін көлік қызметі көрсетіледі, оның 22-сі арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Өткен жылы инватакси қызметін 1100-ден астам адам пайдаланды, оның ішінде 238 мүгедек бала бар.

Қарағанды облысының барлық қалалары мен аудандарында мүгедектігі бар адамдардың ісі бойынша әкімдердің кеңесшілері тағайындалды.

2022 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынымына сәйкес облыстың қалалары мен аудандарының бюджетінен біржолғы материалдық төлем жасалды. Оның ішінде: ҰОС қатысушыларына 1 млн. теңге, қоншагерлердің бұрынғы көмекшісіне төлемді қамтамасыз етуге қажеттіліктеріне 100 мың теңге; жалдамалы құрамдағы адамдарға – 100 мың теңге; Ленинград блокада кезінде жұмыс істеген азаматтарға – 60 мың теңге; ҰОС жылдарында қаза тапқандардың (қайтыс болғандардың) жесірлері мен әйелдеріне – 30 мың теңге; тұл еңбеккерлеріне – 30 мың теңге. Былтырдан бері облыстық маслихаттың бастамасы бойынша басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимыл ардагерлеріне біржолғы материалдық көмек мөлшері 150 000 теңгеге дейін

ұлғайтылды.

Өмір сапасын жақсарту

Облыс бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтерді 10 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар адамдар үшін 1 күндік бөлімше, мүгедек балаларға арналған 1 күндік бөлімше, мүгедектерге арналған 1 оналту орталығы, үйде 57 әлеуметтік көмек бөлімшесі, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қайта әлеуметтендіру үшін 2 орталық ұсынады.

Өткен жылы мемлекеттік секторда 8 937 адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылды. Оның ішінде, 854 мүгедек бала, 18-ден асқан, психоневрологиялық аурулары бар 2287 адам, 4569 жалғызбасты қарт пен мүгедек адам бар.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қайта әлеуметтендіру орталықтарында – 306 адам қамтылды. Қарқаралы ауданының оналту орталығы былтыр 921 адамды арнайы әлеуметтік қызметтер қамтыды.

Сонымен қатар, басқарма үкіметтік емес ұйымдар арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі жобалар жыл сайын іске асырылады. Бұл жобалар әлеуметтік маңызды. Өткен жылы жалпы сомасы 79 271 мың теңгеге сегіз үкіметтік емес ұйым жобасы іске асырылып, 244 адам қамтылды.

Атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 898,6 млн. теңге қарастырылды. Оның 699,7 млн. теңгесі республикалық бюджеттен, 198,9 млн. теңгесі жергілікті бюджеттен аударылды.

Биылғы жыл басындағы дерек бойынша атаулы әлеуметтік көмек 2 672 отбасына (оның ішінде 932 көпбалалы отбасына), 12 243 адамға тағайындалды. АӘК төлеуге 897,7 млн. теңге бағытталды. Төлген көмектің орташа мөлшері 6 649 теңгені құрады.

Материалдық қолдау

2022 жылдың 4-тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейі облыста 44 957 теңгені құрады (ҚР – 46 671 теңге). Кедейлік шегі – 31 470 теңге (ҚР – 32 670 теңге). Әлеуметтік пакет шеңберінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға ағымдағы жылы 177,0 млн. теңге бөлінді (республикалық бюджеттен – 145,1 млн. теңге және жергілікті бюджеттен – 31,9 млн. теңге).

Бүгінгі таңда 3 289 балаға (2 630 отбасы) тағайындалды, оның ішін-

де 1 жастан 3 жасқа дейін – 1 665 бала, 3 жастан 6 жасқа дейін – 1 634 бала. МӘК төлеуге 145,0 млн. теңге бағытталды.

Бүгінгі таңда тұрғын үй көмегі 2 055 отбасына жалпы сомасы 61,9 млн. теңгеге көрсетілді. Былтыр бұл мақсатта 84,3 млн. теңге бөлінді.

Аз қамтылған отбасыларды қамтамасыз ету шеңберінде Бұқар жырау ауданында атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан 97,5 мың теңге сомаға 5 отбасы телевизиялық абоненттік приставкалармен қамтылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап пилоттық режимде отбасының Цифрлық картасы енгізілді. Карта – мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті форматының жана құралы. Онда азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқығы туралы «электрондық хабарлама» функциясы қарастырылған. Бұл жүйеде облыстың 200 мыңға жуық отбасы (1,1 млн. тұрғын) туралы мәлімет бар. Олардың әрқайсысының «отбасы портреті» жасалды.

Отбасының цифрлық картасын енгізу бойынша атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушыларды пысықтау шеңберінде Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында жұмыс топтары құрылды, олардың күшімен отбасының цифрлық картасы негізінде мәліметтерді «тексеру» ұйымдастырылды.

Бүгінде АӘК алуға 22 087 үміткердің 22 048-імен немесе 99,91% тиісті жұмыс жүргізілді. Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығын айқындау кезінде әлеуетті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін СМС-хабарлама жіберіледі.

Көші-қон саясаты

Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде 2022 жылы Қарағанды облысы үшін 747 бірлік көлемінде шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгіленді, 634 рұқсат берілді.

Қарағанды облысында 2022 жылы қандас мәртебесін 440 адам немесе 267 отбасы алды.

Өзбекстаннан 326 адам, 202 отбасы, Монғолиядан 89 адам, 43 отбасы, Ресейден 18 адам, 17 отбасы, Қырғызстаннан 3 адам, 2 отбасы, Қытайдан 2 адам, 2 отбасы, Түрікменстаннан 2 адам, бір отбасы келді. Олардың көбісі Теміртау, Қарағанды, Шахтинск қалалары мен Бұқар жырау, Осакаров аудандарында қоныстанды.

Қарағанды облысында биылғы жыл басындағы жағдай бойынша баспана іздеуші мәртебесі бар 32

адам, яғни, 27 отбасы тіркелген. Оның ішінде, 12 Ауғанстан азаматы, 20 адам Украинадан.

Әлеуметтік серіктестік

Облыс өңірлердің әкімдері әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі ұшжақты комиссияларды басқарады. Былтыр облыстық үш-жақты комиссияның 18 отырысы өтті. Оларда 90-нан астам мәселе қаралды. Оның ішінде АТК отырыстарында 28 мәселе, олардың басым көпшілігі әлеуметтік-еңбек сипатында. Өткен жылдың қараша айында Қарағанды облысының әкімі, кәсіподақтар (қызметкерлер) бірлестіктері, кәсіпкерлер қауымдастығы және облыстың жұмыс берушілері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған дағисіме толықтыру енгізілді.

АТК отырыстарында қабылданатын шешімдердің орындалуы тараптар мен жұмыс тобы өкілдерінің бақылауында болады. Әр жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жұмыс тобына шешімдердің орындалуы барысы туралы ақпарат беріледі.

Жыл сайын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық жұмыс берушілер палатасымен, Кәсіподақтар федерациясымен бірлесіп «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша республикалық конкурстар өткізеді. Бұл конкурс жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғам алдындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға және арттыруға бағытталған. «Парыз-2022» конкурсына қатысуға Қарағанды облысынан 34 ұйым өтінім берді. Қорытындысы бойынша «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» – «Қонырат мыс компаниясы» ЖШС (бірінші орын), «Экологияға қосқан үлесі үшін» – «Шұбаркөл Көмір» АҚ (екінші орын), «Экологияға қосқан үлесі үшін» – «Рапид» фирмасы» ЖШС (үшінші орын).

Байқау жеңімпаздарына тиісті дипломдар мен айрықша белгілер (мүсіншелер) табыс етілді. Сондай-ақ, лауреаттар конкурс эмблемасын жарнамалық мақсатта осы атақ берілгеннен кейін үш жыл ішінде пайдалану құқығын алады.

Басқарма өткен жылды қорытындылады, келген жылға міндеттер қойды. Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде барлық белгіленген бағыттар бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Әсем ЖҮНІСПЕКОВА, облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы

Инфрақұрылым өзегі – жол

Биыл Қарағанды облысының аумағында жол-құрылыс маусымы барысында 600 шақырым жолға жөндеу жүргізілді.

– оның ішінде: облыстық маңызы бар 356 шақырым жол;

– қалалар мен аудандарда 244 шақырым жол.

Облыстық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша 6 жолды қайта жаңартудың ауыспалы объектілері бойынша жұмыстар жалғасты:

– Ұзындығы 9 шақырым «Үшөбе-Құрылыс» автомобиль жолын қайта жаңарту;

– Ұзындығы 21 шақырым «Жартас-Долинка» автомобиль жолын қайта жаңарту;

– Ұзындығы 20 шақырым «Новодолинка-Шахан-Молодецкое» автомобиль жолын қайта жаңарту;

– Ұзындығы 16 шақырым «Осакаровка-Молодежное» автожолын реконструкциялау;

– Ұзындығы 20 шақырым «Киевка-Шахтер-Пржевальское» автожолын қайта жаңарту;

– Ұзындығы 20 шақырым «Нұра-Осакаровка» автожолын реконструкциялау

2023 жылы барлық жобалар бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ, Нұра өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңарту жұмыстары басталды. Мұстафин қаласында бүгінгі таңда көпір құрылысының қадаларын монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, осы жылы жалпы ұзындығы 313 шақырым 20 жол



учаскесі орташа жөнделді.

Облыс бойынша барлық жоспарланған міндеттерді іске асыру үшін жол-құрылыс маусымы барысында 2 мыңға жуық мамандандырылған техника мен 50 асфальтбетон зауыты жұмылдырылды.

Жаңа жұмыс орындарын құруға ерекше назар аударылуда, биыл «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында 5 мың жұмыс орны құрылды.

Өткен жылы облыс өңірлерінде 244 шақырым жөндеу жүргізілді, оның ішінде:

– Арнайы жоба «Ауыл – Ел бесігі» шеңберінде 12 шақырым көптілікті жолдар;

– Республикалық және облыстық бюджеттерден берілетін трансфертер есебінен 157 шақырым;

– сондай-ақ, қалалар мен аудандардың жергілікті бюджеттері есебінен 75 шақырымжол.

2022 жылы жүргізілген барлық жұмыстар жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлес сал-

мағын нормативтік жағдайда 89%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жұмыс өндірісінің сапасын бақылау мақсатында ұлттық сапа орталығы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүргізілетін жұмыстар мен Колданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын сақтау тұрғысынан белсенді жұмыс жүргізуде.

Құрамында мердігерлік ұйымдардың зертханалары, сондай-ақ, Авторлық және техникалық қадағалаулары болуымен қатар, тәуелсіз зертханалар да тартылды.

Жолдарды жөндеу бойынша негізгі жұмыстармен қатар тұрғындардың келіп түскен өтініштері, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілген жарияланымдардың шағымдарын шешу бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ, ұстау шеңберінде 2,3 мың м2 шұңқырларды жөндеу және 11 мың м2 көлемінде фрезерлеу әдісімен жол бұзушылықтарын жою жұмыстары жүргізілді.

Осылайша, көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды.

Мемлекеттің экономикалық саясатының басым міндеттерінің бірі көлік кешенін, оның ішінде жолаушылар тасымалы саласын дамыту болып табылады.

Облыста 8 халықаралық, 17 облысаралық, 46 ауданаралық, 132 калаішілік, қала маңындағы және ауданішілік қатынастарды қамтитын 203 тұрақты автобус қатынасы ұйымдастырылған.

Автобус тасымалы саласында жергілікті атқарушы органдардың

негізгі міндеті көрсетілетін қызметтердің сапасын одан әрі арттыру болып табылады. Бұл бағытта жылжымалы құрамның жағдайы ерекше рол атқарады.

Өткен жылы облыс орталығында «№3 автобус паркі» ЖШС Саран қаласындағы «QazTehna» зауытында шығарылған сыйымдылығы үлкен 50 жаңа автобус сатып алынды. Биыл жыл басында «Таксокомбинат-1» ЖШС кәсіпорны сатып алған тағы 40 жаңа Yutong маркалы автобус жеткізіледі деп күтілуде.

Автобустар паркін жаңарту ағымдағы жылы да жалғасады. Атап айтқанда, облыс орталығын серіктес қалалармен байланыстыратын ауданаралық (қалааралық облысішілік) маршруттарда ескірген жылжымалы құрамды кезең-кезеңімен жаңарту жоспарлануда. 2023 жылы №3 Автопаркінен 25 жаңа автобус сатып алу мәселесі пысықталуда.

Сондай-ақ, жыл облыс орталығында сыйымдылығы жоғары 100-ге жуық жаңа автобус сатып алу көзделуде.

Өздерінің білетіндей, 2021 жылдың 1 желтоқсанынан Қарағанды қаласының маршруттарында жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі (ЖТЭЖ) жұмыс істейді, 2022 жылдың қазан айынан бастап сараулаушылар тасымалы енгізілді. Бұл жүйенің тиімділігіне көз жетті және ол жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға айтарлықтай әсер етті.

Осыны ескере отырып, Қарағанды облысы әкімінің тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап облыс орталығы мен Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалаларымен, Топар және

Шахан кенттері арасындағы ауданаралық (қалааралық облысішілік) маршруттарда ЖТЭЖ енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл ретте, аталған маршруттардағы тарифтер қолма-қол ақшасыз тәсілмен жол ақысын төлеген жағдайда 80 теңгеге дейін төмендетілді. Бұл шара халықтың сұранысын қанағаттандыруға, еркін қозғалу мүмкіндігін және тарифтердің қолжетімді деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Теміржол көлігі саласында Басқарма 9 әлеуметтік маңызы бар облысішілік теміржол қатынасы бойынша жолаушылар тасымалдауды ұйымдастырды. Өткен жылы облыстардың бөлінуіне байланысты №610/609 «Қарағанды-Жезқазған» теміржол бағыты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (ҚР ИИДМ) қарамағына беріле отырып, облысаралық қатынас деңгейіне ауысқаннан атап өткен жөн. ҚР ИИДМ ақпараты бойынша қазіргі уақытта №610/609 «Қарағанды-Жезқазған» бағытын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар тізбесіне енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде, одан кейін маршрутқа қызмет көрсету құқығына конкурс өткізу жоспарлануда. Конкурстың рәсімдері өткізілгенге дейін жолаушыларды тасымалдау штаттық режимде жалғасатын болады.

Азаматтық авиация саласына қатысты. Басқарма өткен жылы Қарағанды-Жезқазған облысішілік әуе қатынасы бойынша ұшуды ұйымдастырды. Бұл ретте, 2022 жылғы 11 қаңтардан бастап әуе қатынасы бойынша ұшулар күнделікті режимде орындалды, бұрынғы тариф 10 000 теңге мөлшерінде сақталды. Ұлытау облысының құрылуына байланысты бұл әуе қатынасы ҚР ИИДМ құзыретіне берілді, ағымдағы жылдан бастап ұшуларды «Ожное Небо» әуекомпаниясы орындайды.

Сондай-ақ, облысқа 8 авиамаршрут қызмет көрсетті, оның ішінде 2 халықаралық – Қарағанды-Мәскеу, Қарағанды-Анталья (маусымдық) және 6 облысаралық қатынас.

Сонымен қатар, өткен жылы облыстың әуежай инфрақұрылымын дамыту шаралары басталды.

2022 жылғы 5 қазанда Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев облыс әкіміне Үкіметпен бірлесіп, Балқаш қаласының әуе айлағын әуежайларды дамыту бағдарламасына енгізу қажеттігін атап өтіп, жолаушылар тасымалы саласында кешенді шаралар қабылдау арқылы Балқаш өңірінің туризмін дамыту мәселелерін пысықтауды тапсырды.

Мемлекет басшысының осы тапсырмасын орындау аясында Бас



● ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН

Теміртау қаласындағы көрікті орындардың бірі – Қысқы бақ. Был 16 қаңтарда оның ашылғанына 30 жыл толды. Бұл осы қаланың ғана емес, облысымыздың да мақтанышы. Осында келетін қала қонақтары мен туристер Қысқы бақтың керемет көріністеріне таңдай қағып, тамсанады.

☞ Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бақта әлемдегі тропикалық, субтропикалық аймақтар мен шөл даланың 120-дан астам экзотикалық өсімдік түрлері өсіріледі. Аталған бақтың көгалдандыру жөніндегі шебері Салтанат Тәңірбергенова: – Біздің бақта 30 жылдан бері агава және фурия сияқты сирек кездесетін өсімдіктерді де өсіріп отырымыз. Олар өз топырағында 40-50 жылдан кейін ғана жеміс төксе, бізде 25 жылда өнімін берді. Соның ішінде фурия болса 15 жылда бір-ақ рет гүлдейді екен. Өткен жылы Үндістаннан бізге фикус көшеті әкелінді. Үнді монахтарының айтуынша, ол қасиетті ағаш көрінеді. Оны баққа отырғызып ек, жақсы жетіліп келеді. Қазір осы бағымыздағы ағаш, өсімдіктеріміздің жапырақ, бұтақтарын ақпан айына дейін



Көсіп-қырқып, сәндеумен шұғылданудымыз, – деген еді. Теміртаудың Қысқы бағына көрік беріп тұрған өсімдік дүниесінің арасында Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев өз қолымен отырғызған кипарис және олеандр бұталары да бар.

● ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕР

Кілем тоқып, табыс тапты

Қарағандыдағы әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда оқитын ІІ-сынып оқушысы Алдияр Бақыт түкті кілем жасаумен айналысады, тіпті ол алғашқы табысына қол жеткізіп те үлгерген. Бұл іс мектептегі «Бизнес start-up» жобасына негіз болған көрінеді. 17 жастағы көлөнерші осы уақытқа дейін ұлттық стильде жасалған 20-ға жуық кілем тоқыған.



☞ Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдияр Бақыт сатуға арналған тафтинг кілемдерін дайындайды. Ол американдық блогердің үлгісі бойынша түкті кілемдер жасауға қызығушылық танытып, XVII ғасырдан бері қолданылып келе жатқан белгілі тафтинг технологиясын зерттеген. Кейін өзіне арнайы станок сатып алыпты. Жұмысын игеріп, алғашқы табысқа қол жеткізді.

– Ағылшынша tuft сөзі «түйін» деп аударылады. Бұл өндіріс технологиясының мәнін көрсетеді. Мұнда бір жіппен тоқымайды, түйінделген шоқтармен толтырылады. Осы технологияны меңгергеннен кейін маған алғашқы тапсырыстар түсе бастады. Мен айына бірнеше кілем жасаймын. Бұл идея менің мектептегі «Бизнес start-up» жобамның негізін қалады, – деді Алдияр.

Оқушы болашақта тәжірибесін арттырып, оны табысты бизнеске айналдырғысы келеді. Гимназия директоры Қымбат Оспанованың айтуынша, мектепте «Жаһандық құзыреттілік» және «Бизнес

және кәсіпкерлік негіздері» пәні бойынша кәсіпкерлік негіздері оқытылады. «Қазірден бастап Алдиярдың кәсіпкерлік жасауға қызығушылық танытып, XVII ғасырдан бері қолданылып келе жатқан белгілі тафтинг технологиясын зерттеген. Кейін өзіне арнайы станок сатып алыпты. Жұмысын игеріп, алғашқы табысқа қол жеткізді.

– Гимназия оқушылары 5-сыныптан бастап «Жаһандық құзыреттілік» пәнін, ал жоғары сыныптарда «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» пәнін оқиды. Алдияр – өте қабілетті бала, қазірдің өзінде кәсіпкерлік дағдыларын жақсы көрсетуде. Оның тафтинг кілемдерін жасау жобасы елордада өткізген байқауда ІІІ орынға ие болды, – дейді әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияның директоры Қымбат Оспанова.

Алдияр ұлы философ әл-Фарабидің бейнесі тоқылған кілемді өз мектебіне сыйға тартты. Қазір ол мектеп мұражайына қойылған. Бүгінгі таңда бұл гимназияда екі ауысымда 2300 бала оқиды. Олар ғылыммен белсенді айналысады және шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларына қатысады.

● ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Сарбаздар қатары толықты

Қарағанды қаласындағы Ұлттық ұланның 6505 және 5451 әскери бөлімінің саптық алаңында Жамбыл, Алматы, Ақмола, Түркістан, СКО, Қостанай облыстарынан шақырылған 700-ден астам жас сарбаз салтанатты түрде әскери ант қабылдады.

☞ Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Оларға сәттілік тілеп, жылы лебізін білдіру үшін қала әкімдігі мен Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығы өкілдері, бөлім ардагерлері хәм ата-аналар қатысты. – Ел алдында ант қабылдау – нағыз ердің ісі. Ант қабылдаған күннен бастап, саптағы әр жауынгер республикамыздың әскери қызметшісі атанып, елін қорғау жолында қызметке түседі. Антқа адал болындар сарбаздар, – делі құттықтау сөзінде 6505 әскери құрамының командирі, полковник Бауыржан Барышев.

● КЕЗДЕСУ

Танкіші қыздар дерегі

Екінші дүниежүзілік соғыста ерлермен нық тіресе жүріп, ерлік көрсеткен қазақстандық нәзік жанды батырларымыз жайында әлі де толық ашымай, зерттелмей келе жатқан тұстары бар. И.Поголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада запастағы полиция полковнигі Қанат Кареновтің «Қарлығаштар оралар ма? Қоғда вернутас ласточки?» кітабының таныстырылымы өтті.

☞ Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сұрапыл шайқастарда ерлермен қыз-келіншектер тағдыры және олар игерген әскери мамандықтар оқырман қауымның қызығушылығын оятыпты. Кітап Қарағандыдағы «Гласир» баспасынан жарық көрген. Кітаптың басты кейіпкерлері – соғыста ерлік көрсеткен қарағандылық танкіші қыздар Жамал Байтасова, Күлкен Токбергенова, Күлжамила Талқанбаева мен Жәмилә Бейсенбаева. Кездесу барысында автор Қ.Каренов ержүрек танкіші арулар жайлы әлі күнге дейін танымды ақпарат жоқтығын, олардың майданға аттануы, келуі жайлы дерек аз екенін айта отырып, осы туындыны жазуға не түрткі болғанын ортаға салды. Дегенмен, 1944 жылғы 22 тамызда жарық көрген «Советтік Қазақстан» (қазіргі «Ortalyq Qazaqstan») газетінің 106 (2356) санында әскери тілші Т.Жүнісовтің майдан даласынан жазған «Танкіші қазақ қыздары» атты мақаласы жарияланды.



Ал, жазушы Қалмұқан Исабаев «Қазақ әдебиеті» газетінің 1975 жылғы сандарының бірінде қаһарман қыздар туралы деректерді іздеп, «Қайда екен, қайда сол батыр қыздар» атты мақала жазған екен. Автормен кездесуге қаладағы мектептердің тарих пәні мұғалімдері мен кітапханашылары және екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебінің курсанттары қатысты. Кездесуді әлеуметтік желідегі кітапхана парақшаларының тікелей эфирі арқылы оқырман көріп, өз пікірін ортаға салды. – Ұрыс даласында жауынгерлік іс-қимылдарға тікелей қатысып, қайсарлық пен батырлықтың жарқын үлгісін көрсеткен батырларымыздың ерлігін жаңаша зерттеулер ұрпақтың еншісінде. Жас ұрпақ еліміздің батыр қыздарын, өз кейіпкерлерін ұмытпауы керек, – дейді өлкетану әдебиеті бөлімінің басшысы Сандуғаш Орынбайқызы. Бұдан бөлек, шарада жұртшылық назарына екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі арулардың ерлігі мен еңбегін паш ететін кітап көрмесі ұсынылды.

● ФУТБОЛ

«Шахтерде» жаңа бапкер

Қазақстандық Игорь Солошенко футболдан Қарағандының «Шахтер» командасының бас бапкері қызметіне тағайындалды.

И.Солошенко 1979 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласында дүниеге келген. Жергілікті футбол мектебінің түлегі. Ол бұған дейін «Шахтер», «Жеңіс», «Аят», «Тобыл», «Ақжайық», «Ертіс» және «Оқжетпес» командалары сапында ойын көрсеткен. Қазақстан ұлттық құрамасында жүріп 11 кездесуде өзін көпшілікке танытып үлгерді.

«Шахтер» командасында 2012 жылы Қазақстан чемпионы атанып, 2007-2009 жылдарда қола жүлдені де қанжығасына байлаған. Сондай-ақ, «Жеңіс» құрамында Қазақстан кубогін жеңіп алса, «Тобыл» командасында чемпионаттың күміс жүлдесін иеленген. Ойыншы мансабын аяқтаған соң, «Шахтер» футбол орталығында бапкер қызметіне ауысты. Негізгі команданың физикалық дайындығына жауапты маман, спорт директоры болды. Соңғы үш маусымда «Шахтер-Болат» командасының бас бапкері болып еңбек етті. Бұған дейін «Шахтердің» бас бапкері қызметін Вахид Масудов атқарған еді. Ендігі жерде жаңа бапкердің тың тактикасы кеншілер командасының ойынынан бой көрсетпек.

● ХОККЕЙ

Жапондықтарды тізе бүктірді

Қазақстан командасы хоккейден Лейк-Плэсиде (АҚШ) өтіп жатқан «Универсиада-2023» турнирінде үздік үштіктің қатарында.

Жерлестеріміз ақтық сында жапондықтармен ойнады. Ойынның алғашқы кезеңінде қарсыластың қарқын басымдық болғанымен, қазақстандықтар намысқа барынша тырысып, алты бірдей голды қарсылас қақпасына деп бағыттады. Осылай есеп еселене берген сәтте жапондықтар 6:1 етіп есеп ашты. Ал, ойынның соңғы сәтін отандастар ұтымды пайдалана білді. Олар бірінен соң бірін екі гол салып, 8:1 есебімен жеңіс тұғырынан көрінді.



● ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ

Белдесуде бағы жанды

Францияның Ницца қаласында өтіп жатқан әйелдер арасындағы «Henri Deglane» күрес турнирінде қарағандылық Эльмира Сыздықова бас жүлдені жеңіп алды.

Алған жарақатына байланысты қазақстандық күрес жанкүйерлері Эльмираның үлкен спортқа қайта оралуынан күмәнді еді. Алайда, 76 келіде күрескен жерлесіміз қарсылас шак келтірмеді.

Ол – Рио Олимпиадасының қола жүлдегері, талай тартысты белдесуде бағы жанған спортшысы. 2022 жылы Эльмира Ресейдегі «Иван Ярыгин» турнирінде де бағы жанып, беларус спортшысының жауырынын жер қаптырған.

Ал, биылғы жеңісі көптің көңілінен шығып, ел рухын көтерген абыройлы жеңіс болды. Ол боз кілемдегі ақтық белдесуде канадалық Жюстина Стасионы ұтты.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБҒАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Бақлаш, Призракерс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 күәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№9 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылған. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпшіліктері органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**